


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



Қызылорда «Болашақ» университетінің
білім алушыларын қаржылай қолдау
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2023 жыл

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	Білім алушыларға жеңілдіктер беру процедурасы	4
5	Комиссияның негізгі міндеттері және қызметі	6
6	Қорытынды ережелер	6
7	Бакалавриат бойынша білім беру қызметіне жеңілдіктер беру қағидасы	7
	Өзгерістерді тіркеу парағы	

1 Жалпы ережелер

Осы Қызылорда «Болашақ» университеті (бұдан әрі – Университет) білім беру қызметтеріне гранттар мен жеңілдіктер беру және білім алушыларды материалдық ынталандыру (көтермелеу) жөніндегі ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қызылорда «Болашақ» университеті (бұдан әрі – Университет) меншікті қаражаты есебінен білім алушылардың мақсаттарын, негізгі міндеттерін, санаттарын және білім беру қызметтеріне гранттар мен жеңілдіктер беру критерийлерін айқындайды.

2 Нормативтік сілтемелер

- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚРЗ «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 318-III «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 ақпандағы №142-Ө «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары.
- «Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 қаулысы (2021 жылғы 06 тамыздағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);
- «Аз қамтылған және халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан білім алушыларға материалдық және қаржылық көмек көрсету туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы;
- ISO 9001:2015 МС «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар».
- Университет жарғысы;
- Университеттің ішкі нормативтік құжаттары;
- осы Ереже.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы ереженің мақсаттары үшін төменде аталған терминдер мен анықтамалардың келесідей мағынасы болады:

Университет гранты – өтеусіз негізде оқу құқығы. Университет гранты оқудың толық төлемін өтейді және білім алушыларға олардың бүкіл оқу кезеңінде тиісті білім беру бағдарламаларын меңгеруін ынталандыру және/немесе қолдау мақсатында тағайындалады;

жеңілдік – осы Ережемен белгіленген білім беру бағдарламаларының төлемақысын төмендетудің пайыздық көрінісі;

материалдық жағдай – еңбекақы, зейнетақы, басқа да кірістер, олардың мөлшерінің болуы немесе болмауы, мүліктің болуы, еңбекке жарамдылықтан қалу дәрежесі, басқа да отбасы мүшелерінен материалдық көмек алуы немесе алмауы;

көп балалы отбасы – төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар (уақытша жоқтарын қоса алғанда) отбасы.

жеткілікті қамтамасыз етілмеген азаматтар (отбасылар) – еңбекке жарамды жастағы жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес арнайы әлеуметтік көмек алуға және (немесе) он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалып және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқылы;

студент – Қызылорда «Болашақ» университетінің бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушысы;

жетім студент – ата-анасының екеуі де немесе біреуі қайтыс болған студент.

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студент – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасының хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баланы тәрбиелеуден немесе оны қорғаудан жалтаруына байланысты жалғыз немесе екі ата-анасыз қалған студент құқықтары мен мүдделерін қорғау, соның ішінде ата-аналар өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемесінен алудан бас тартқан кезде, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығы болмаған өзге де жағдайларда;

- **магистрант** – Қызылорда «Болашақ» университетінің магистратура бағдарламалары бойынша білім алушысы;

- **қызметкер** – Қызылорда «Болашақ» университетінің қызметкері.

4 Білім алушыларға жеңілдіктер беру процедурасы

4.1 Білім алушылардың өтінішін қарау үшін Ректордың бұйрығымен білім беру қызметтеріне гранттар мен жеңілдіктер беру және білім алушыларды материалдық ынталандыру (көтермелеу) жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады және бекітіледі. Комиссия

құрамына төраға, хатшы және комиссия мүшелері кіреді.

4.2 Комиссияны төраға - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор басқарады, ол Комиссия қызметін ұйымдастыруды басқарады және Комиссияға жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауап береді.

4.3 Комиссия құрамын өзгерту Ректордың бұйрығымен келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- Ректордың шешімі бойынша;
- Комиссия шешімі бойынша;
- Комиссия мүшесі болып табылатын қызметкер жұмыстан босатылған кезде;
- Комиссия мүшесінің өз бастамасы бойынша (өкілеттігін тоқтату).

4.4 Комиссия мүшелері міндетті:

- Комиссия отырысына қатысуға және күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беруге;
- Комиссия отырысына қатыса алмаған жағдайда, бұл туралы Комиссия хатшысына алдын ала хабарлауға;
- қызметкерлердің жеке деректеріне қатысты құпиялылықты сақтауға, комиссия отырыстарында қаралатын мәселелер туралы ақпараттар мен қабылданған шешімдерді қызметкерлерге және басқа да тұлғаларға жарияламауға;
- өз көзқарасын айтуға және оны дауысқа салуға құқылы.

4.5 Комиссия төрағасы:

- Комиссия мақсаты мен міндеттері туралы, олардың құқықтары мен жауапкершіліктері туралы Комиссия мүшелеріне ақпарат береді;
- Комиссия жұмысын ұйымдастырады және осы Ереже талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- Комиссия отырысына шақырады;
- Комиссия отырысына төрағалық етеді;
- отырыста хаттама жазуды ұйымдастырады;
- Комиссия атынан шығыс құжаттарына қол қояды;
- Комиссия ұстанымымен таныстырады және Университет ректоры алдында есеп береді.

4.6 Комиссия хатшысы:

- Комиссияның қарауына берілген мәселелер бойынша рапорттар мен басқа да құжаттарды, білім алушылар мен қызметкерлердің жеке өтініштерін жинауды, есепке алу мен сақтауды, отырысты ұйымдастыруға дайындықты жүзеге асырады;
- күн тәртібіне енгізілген мәселелер мен отырыс өткізу мерзімі, уақыты, орны туралы Комиссия мүшелеріне хабарлайды;
- Комиссия отырысының хаттамасын жазады.

4.7 Отырыста комиссия хатшысы болмаған жағдайда, отырыс хаттамасын жазу Төрағаның шешімі бойынша Комиссия мүшелерінің біріне тапсырылуы мүмкін.

4.8 Комиссия жұмысы:

- күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша дәлелді шешім қабылдау барысында, Комиссия өзіне жүктелген орындауға тиіс міндеттері үшін қажетті құжаттар мен материалдарды Университеттің құрылымдық бөлімшелерінен және лауазымды тұлғаларынан сұрауға және алуға құқылы;
- Комиссия ұсынысы мен шешімдері хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға Комиссия төрағасы мен хатшысы қол қояды. Хаттама Комиссия хатшысында сақталады;
- әлеуметтік көмек көрсету туралы шешімдер қабылдау Комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруімен жүзеге асырылады. Дауыс саны тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- Комиссияның күн тәртібі, оның төрағасымен бекітіледі.

5 Комиссия негізгі міндеттері және қызметі

- 5.1 Комиссияның негізгі мақсаты – білім алушылардың білім беру қызметін ынталандыру, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүгедек балаларды, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды әлеуметтік қолдау болып табылады.
- 5.2 Комиссияның негізгі міндеті – білім алушыларға олардың үлгерімі, материалдық жағдайы мен әлеуметтік мәртебесі негізінде білім беру қызметтеріне жеңілдіктер беру болып табылады.
- 5.3 Комиссия келесі қызметтерді орындайды:
 - бакалавриат, магистратура бағдарламаларына түсетін талапкерлердің жекелеген санаттары үшін Университет гранттарын;
 - Университетте оқитын жекелеген санаттар үшін білім беру қызметтерінің жылдық құнына жеңілдіктер белгілейді;
 - Университетте білім алушылардың үлгерімі мен әлеуметтік мәртебесі негізінде жекелеген санаттар үшін білім беру қызметтерінің жылдық құнына жеңілдіктер белгілейді;
 - білім алушыларды моральдық және материалдық ынталандыру (көтермелеу).

6 Қорытынды ережелер

- 6.1 Осы Ереженің орындалуын бақылау қызметі комиссияның төрағасына жүктеледі, ол оны Университеттің бағынысты қызметкерлері мен мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізуді, Ереженің орындалуын бақылауды және уақтылы өзектілендіруді қамтамасыз етеді.
- 6.2 Университет, білім алушы және ұйым (кәсіпорын) арасында мамандар даярлау бойынша білім беру қызметін көрсетуге 3 жақты келісім-шарт жасаған студенттердің оқуына кәсіпорындар ақы төлеген жағдайда жеңілдік берілмейді.
- 6.3 Үміткер бірнеше категорияға лайықты болған жағдайда, жоғары

- мөлшердегі тек бір ғана категория бойынша жеңілдік беріледі.
- 6.4 Комиссияның шешімі бойынша білім алушыларға берілген барлық жеңілдіктер ағымдағы оқу жылына қолданылады және олардың үлгерімінің нәтижелері бойынша қайта қарауға жатады.
 - 6.5 Академиялық қарыз болған жағдайда, пәндерді қайта оқу үшін жеңілдіктер білім алушылардың ешбір санатына берілмейді.
 - 6.6 Жеңілдіктер күндізгі оқу нысанының бакалаврлары мен магистрлерін даярлаудың барлық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға қолданылады.
 - 6.7 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және Университеттің басшысы немесе өзге уәкілетті лауазымды тұлғасы белгіленген тәртіпте оның күшін жойған сәтке дейін қолданылады.
 - 6.8 Комиссия отырысы оқу жылында бір рет, күзгі семестрдің басында өткізіледі. Жекелеген жағдайларда Университет білім алушыларына және магистранттарына оқу ақысы бойынша гранттар мен жеңілдіктер беру туралы шешім Қызылорда «Болашақ» университетінің Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша оқу жылы ішінде қабылдануы мүмкін.
 - 6.9 Грантқа немесе жеңілдікке үміткер білім алушылар Ректорға жеңілдіктің тиісті түрін ұсыну туралы өтініш жазады. Өтініштер қосымша растайтын құжаттарымен Жоғары мектептерге өндеу үшін беріледі.

Бакалавриат бойынша білім беру қызметіне жеңілдіктер беру қағидасы

- 20% (ЖИЫРМА ПАЙЫЗ) ЖЕҢІЛДІК – БІР ОТБАСЫНАН ЕКІ НЕМЕСЕ ОДАН ДА КӨП БІЛІМ АЛУШЫ ОҚЫСА (БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘРҚАЙСЫСЫНА);

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

Бір отбасынан екі немесе одан да көп білім алушы оқыса:

1. Туу туралы куәлік көшірмесі
2. Жеке куәлік көшірмесі
3. Оқып жатқандығын анықтайтын анықтама (деканат)

- 40% (ҚЫРЫҚ ПАЙЫЗ) ЖЕҢІЛДІК – ҮЗДІК АТТЕСТАТ ИЕГЕРЛЕРІНЕ, ҰБТ НӘТИЖЕСІНДЕ 100 БАЛЛ ЖИНАҒАН ТҮЛЕКТЕРГЕ, ОҚУ ЖЫЛЫН ҮЗДІК БІТІРГЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА, СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНДАРЫНА, II ТОП МҮГЕДЕКТИГІ БАР ТҰЛҒАЛАРҒА;

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

1. Үздік аттестат иегерлеріне - аттестат көшірмесі
2. ҰБТ нәтижесінде 100 бал жинаған түлектерге – ҰБТ сертификатының көшірмесі

3. Оқу жылын үздік бітірген білім алушыларға - транскрипт (тіркеу
офисінен)
4. Қазақстан чемпиондарына – дәлелдейтін құжаттары(грамота)
5. II топ мүгедектігі бар тұлғаларға - мүгедектігі туралы анықтама
(справка из ВКК)
6. Барлығына қатысты – оқып жатқандығы туралы анықтама (деканат)

**- 50% (ЕЛУ ПАЙЫЗ) ЖЕҢІЛДІК – СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН АЗИЯ
ЧЕМПИОНДАРЫНА;**

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

1. Дәлелдейтін құжаттары (грамота)
2. Оқып жатқандығын дәлелдейтін анықтама(деканат)

**- 50% (ЕЛУ ПАЙЫЗ) ЖЕҢІЛДІК – «АЛТЫН БЕЛГІ»
ИЕГЕРЛЕРІНЕ, ЖЕТІМ ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЫНСЫЗ
ҚАЛҒАН БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА, «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖДЕРІ ТҮЛЕКТЕРІНЕ, СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН
ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫНА, I ТОП МҮГЕДЕКТІГІ БАР
ТҮЛҒАЛАРҒА;**

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

1. «Алтын белгі» иегерлеріне – дәлелдейтін құжаттар
2. Ата-анасының қамқорынсыз қалған білім алушыларға
 - 2.1. Туу туралы куәлік
 - 2.2. Ата-анасының қайтыс болғандығы жөнінде анықтама
3. «Болашақ» университетінің жоғары колледждері түлектеріне – колледж
дипломы көшірмесі
4. Әлем чемпиондарына - дәлелдейтін құжаттары (грамота)
5. I топ мүгедектігі бар тұлғаларға - мүгедектігі туралы анықтама (справка
из ВКК)
6. Барлығына қатысты – оқып жатқандығы туралы анықтама (деканат)


Келісілді:

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор




Г.Ж. Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы



А.К. Мырзанова

Білім беру және педагогика жоғары мектебінің деканы



Д.Ж. Серкебаев

Бизнес, техника және технология жоғары мектебінің деканы



М.Ә. Ембергенов

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгеріс номері	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, жою, қосу)	Өзгерісті енгізу күні	Жауапты тұлғаның қолы